БЕКІТЕМІН
«Өрлеу» біліктілікті арттыру
ұлттық орталығы» акционерлік
қоғамының Басқарма Төрағасы
Шилибекова А.С.

_______________________________
21.08.2025

**«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау нәтижесінде анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының орын алу себептері мен жағдайларын жою бойынша іс-шаралар жоспары**

| № | Ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау қорытындысы бойынша ұсыныс | Іс-шара / әрекет | Аяқтау формасы | Жауапты орындаушылар | Мерзімі |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. | Мекемеде академиялық адалдық мәселелерін реттейтін ішкі нормативтік құжат жоқ. Мекеменің негізгі қызметі білім беру процесімен байланысты болғандықтан, бекітілген Академиялық адалдық саясатының жоқтығы қызметкерлердің академиялық адалдық қағидаларын сақтамау қаупін тудырады. | Академиялық адалдық саясатын әзірлеу және бекіту | Академиялық адалдық саясаты | Басқарма төрағасының білім беру мәселелері жөніндегі орынбасары | 2026 жылғы I тоқсан |
| 2. | Талдау барысында Мекемеде сыйлықтар мен өкілдік шығындарына қатысты саясатты реттейтін ішкі нормативтік құжат жоқ екені анықталды. Сыйлықтар мен өкілдік | Сыйлықтар мен өкілдік шығындарына қатысты саясатты әзірлеу және бекіту | Сыйлықтар мен өкілдік шығындары саясаты | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс офицері | 2026 жылғы I тоқсан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шығындарына қатысты саясаттың жоқтығы ұйым үшін құқықтық, беделдік және қаржылық тәуекелдерді тудыруы мүмкін. Саясаттың болмауы қызметкерлерге сыйлықтарды өз қалауынша қабылдауға немесе беруге мүмкіндік береді, бұл белгілі бір серіктестерге негізсіз шешім қабылдауға, мүдделер қақтығысына немесе бәсекелестіктің бұрмалануына әкелуі мүмкін. | | | | |
| 3. | Мекемеде төлемдерді жүргізу тәртібі құжат жүзінде реттелмеген, бұл әсіресе контрагенттерге таңдаулы төлем жасау тәуекелін тудыруы мүмкін (мысалы, мемлекеттік сатып алу келісімшарттары бойынша бір жеткізушіге 1–2 күнде, ал екіншісіне 30-шы күні төлеу). | Төлемдерді жүзеге асыру тәртіптемесін әзірлеу және бекіту | Төлемдерді жүзеге асыру тәртіптемесі | Басқарма төрағасының қаржылық және әкімшілік-құқықтық мәселелер жөніндегі төрағасының орынбасары | 2025 жылғы IV тоқсан |
| 4. | Талдау нәтижесі бойынша барлық ішкі нормативтік құжаттар сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс офицері арқылы сыбайлас жемқорлыққа бейім нормаларға тексерілмейді, бұл «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйені ұйымдастыру нұсқаулығында» қарастырылғанына қарамастан. Қазіргі уақытта бұл нұсқаулық қолданылудан шығарылмақ, сондықтан ішкі нормативтік құжаттарды бекіту | Ішкі нормативтік құжаттарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптаманы міндетті жүргізу туралы бұйрықты әзірлеу және бекіту | Ішкі нормативтік құжаттарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу туралы бұйрық | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс офицері | 2025 жылғы IV тоқсан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | процесіне комплаенс офицерін міндетті түрде қосу туралы Мекеме бұйрығын бекіту қажет. | | | | |
| 5. | Мекеменің Сыбайлас жемқорлық стандарты жаңартуды қажет етеді. Қазіргі уақытта ол Мекеменің Сыбайлас жемқорлық саясатының қосымшасы болып табылады. Алайда 2025 жылға арналған типтік №4 негізгі бағыт «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы алдын алу және күрес» аясында Сыбайлас жемқорлық стандартыны бөлек бекіту қажет, бұл Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттігінің төрағасының 2024 жылғы 31 желтоқсандағы №285 бұйрығымен бекітілген әдістемелік ұсыныстарға сәйкес жүргізілуі тиіс (мерзімі – 2025 жылғы желтоқсан). | Сыбайлас жемқорлық стандартын әзірлеу және бекіту | Сыбайлас жемқорлық стандарты | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс офицері | 2025 жылғы IV тоқсан |
| 6. | Мекемеде ақпараттық қауіпсіздікті сақтау бойынша жүйелі жұмыс жүргізіледі. Алайда барлық персоналды компьютерлер сыртқы қолжетімділіктен жеткілікті деңгейде қорғалмаған (антивирус базаларын жүйелі жаңарту, жұмыс станциялары/серверлер/ноутбуктарды антивируспен профилактикалау, ақпараттық жүйелерге логиндерді жаңарту және мониторинг). Сонымен қатар, Мекемеде дербес деректерді | Дербес деректерді қорғау және қауіпсіздік саясатын әзірлеу және бекіту | Дербес деректерді қорғау және қауіпсіздік саясаты | Басқарма төрағасының цифрландыру жөніндегі орынбасары, Ақпараттық қауіпсіздік офицері | 2026 жылғы I тоқсан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қорғау және қауіпсіздік саясаты әзірленбеген және бекітілмеген, бұл Мекеменің қызметіне қатысты дербес деректердің, қызметтік, коммерциялық және басқа құпия ақпараттардың шығу қаупін тудырады. | | | | |
| 7. | Үшінші тарап ұйымдары «Өрлеу» БАҰО» АҚ мүдделерін білдіре алмайтынын, тағылымдамадан өтушілердің тізімін жасай алмайтынын немесе курсты аяқтағаны үшін ақы ала алмайтынын ескере отырып, мұндай оқиғалар ұйым үшін өте алаңдаушылық тудырады, себебі олар «Өрлеу» БАҰО» АҚ беделіне нұқсан келтіреді. | Мұндай беделдік тәуекелдерді болдырмау үшін курс тыңдаушылары арасында алаяқтық жағдайлары бойынша ақпараттық-түсіндіру және профилактикалық жұмыстарды күшейту ұсынылады | Түсіндіру және алдын алу жұмыстары туралы ақпарат | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс офицері | Тұрақты негізде |
| 8. | Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау үшін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу бойынша жұмыс жүргізу және Комплаенс тәуекелдер картасын бекіту қажет. | Ағымдағы жылға комплаенс тәуекелдер картасын бекіту; сыбайлас жемқорлыққа ұшырауы мүмкін қызметкерлердің тізімін жасау; тұрақты | Комплаенс тәуекелдер картасы; Сыбайлас жемқорлыққа ұшырауы мүмкін қызметкерлердің тізімі | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс офицері | 2026 жылғы I тоқсан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | мониторинг жүргізу | | | |

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс офицері С. Сакенов**